

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАҒАЛАУ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТҮРПАТ МЕЖЕСІ

Сейітқадырова А.

Сүлейман Демирел университеті магистранты, Алматы қ., Қазақстан  
ardashka\_01@mail.ru

Бағалау түсінігі антикалық философтардың адамның этикалық өміріне арналған зерттеу еңбектерінен бастау алады.

«Бағалау» термині әр ғылым саласында өзі қарастыратын нысан тұрғысынан анықталады. Философтар адамның қызығушылықтары, мақсаты, идеалы не болуы мүмкін деген сұраққа жауап беруге тырысса, логиктер бағалауды пікір тұрғысынан зерттеуде.

Бағалау сөзі лингвистикада әмбебап тілдік категория деп аталады. Бағалаудың мәні – субъектінің объектіге деген бағалаушылық көзқарасының тілде көрінуі, бейнеленуі.

Колшанскийдің пікірі бойынша, объектіге қатысты субъектінің танымы, пікірі болған жерде әрқашан бағалау да болады. Осы пікірінен мынадай қорытынды шығарады: *бағалау дегеніміз – индивидуалды, психологиялық әрекет.* Тілде бағалаудың лингвистикалық категориясы тілдік бірлік ретінде қарастырылады.

Бағалаудың негізгі белгілерінің бірі – субъектінің бағалайтын объектісіне қарай қатынасының жағымды не жағымсыз жаққа өзгеруі. Осыған байланысты бағалауды жағымды және жағымсыз деп бөлеміз. Сонымен қатар, лингвистикада бағалаудың бейтарап немесе нөлдік бағалау деген түрі де бар [1, 15].

Бағалау семантикалық категория ретінде екіжақты сипатқа ие болып келеді. Оған мазмұн меже мен тұрпат меже тән. Бағалау категориясының мазмұн межесін субъектінің объектіге берген бағасы құраса, оның тұрпат межесін тілдің барлық деңгейінің бірліктері бере алады. Бірақ тілдік бірліктердің бағалау семантикасын берудегі мағынаны арқалау үлес салмағы әр түрлі болып келеді. Бір деңгей бірліктері белсенді қолданысқа ие болса, енді бірінің белсенділігі төмендеу болады. Сөйтіп, әрқайсысы бағалау категориясының тұрпат межесі құрайтын функционалды-семантикалық өрістен өзіне тиісті орнын алады.

### Бағалау семантикасының лексикалық бірліктермен берілуі

Лексикалық деңгейдегі бағалаушылық мағынаны білдіре алатын қасиеті бар тілдік бірліктерді зерттеу сөздің лексикалық мағынасының қарым-қатынас процесіндегі белгілі бір мәліметті жеткізудегі сипатына, яғни конотатты мағынасын болжауға мүмкіндік береді. Сөздің конотатты мағынасы мынадай компоненттерден тұрады: *эмоционалды, бағалаушылық, экспрессивті және стилистикалық.* Бұл компоненттер сөздің бойында бірге көрінуі мүмкін немесе әр түрлі дәрежеде көрінуі мүмкін немесе мүлдем болмауы да мүмкін. Енді осы компоненттерге жеке-жеке тоқталып өтейік:

1) кез келген сөз немесе оның варианты қандай да бір эмоция мен сезімді білдірсе, ол сөз мағынасының *эмоционалды компонентке* ие екендігін көрсетеді. Сөз мағынасының эмоционалды компоненті узуальді немесе окказионалды болуы мүмкін.

*Узуальді мағына* дегеніміз (латын тілінде *usus* – ереже, норма) – қоғамдық нормативке сай, жалпыхалықтық қолданыстағы сөздің мағынасы.

*Окказионалды мағына* дегеніміз (латын тілінде *occasionalis* – кездейсоқ) керісінше қоғамдық нормативке сай емес, индивидуалды сипаттағы сөздің мағынасы. Сөз мағынасының эмоционалды компоненті логика мен сөздің арақатынасынан туындайды.

Эмоция мен сезімнің атауын білдіретін сөздер эмоционалдық лексикаға жатпайды. Себебі бұл сөздердің эмоционалдық сипаты сөздің семантикасындағы денотаттық мағынасынан туындайды. Мұндай сөздерге сын есімдерді жатқызуға болады: *жақсы, ащы, қорқынышты, ұсқынсыз, сүйкімді, т.б.;*

2) толық мағыналы сөз *бағалаушылық компонентке* ие болу үшін *жағымды немесе жағымсыз, ұнату немесе ұнатпау, т.с.с.* пікірлерді білдіру керек. Бағалаушылық лексика

сөздің тура мағынасы бейтараптық мәнге ие болған жағдайда сөздің ауыспалы мағынасын қолданады;

3) егер де сөз өзінің бейнелілігімен немесе басқа да ерекшелігімен өзіне көңіл аудартып, өзінің немесе өзімен синтаксистік байланысқа түскен сөздердің мағынасын күшейтсе, ол сөз мағынасының *экспрессивтілік компонентіне* ие болады;

4) егер сөз белгілі бір функционалды стильге немесе сөйлеу сферасына тән сипатта қолданылса мағынаның *стилистикалық компонентіне* ие болады.

Лексика саласында бейтарап мағынадағы сөздердің бойында коннотаттық компоненттердің бәрінің болуы міндетті емес. Мысалы: *жақсы, әдемі, сүйкімді, нашар, ұсқынсыз* сөздері бағалауыштық компонентке жатады және бағалауыштық мағына сөздің денотаттық мағынасымен сәйкес келеді. Ал эмотивті, экспрессивті және стилистикалық компоненттер бейтараптық мәнге ие.

Финдік логик-ғалым Фон-Вригт құндылықтардың толық классификациясын ұсынған. Оның еңбегі ағылшын тіліндегі «*жақсы*» сын есімі мен оның антонимдерінің қолданысына негізделеді. Ол бағалаудың мынадай түрлерін ажыратады:

1) құралдық бағалауыштық пікір. Болжам мен кепілдемеге қызмет етеді. Мысалы: *откір пышақ.*

2) техникалық бағалауыштық пікір. Адамның белгілі бір кәсіп түріндегі шеберлігіне байланысты қолданылады. Мысалы: *Жақсы ұста – ұста ретінде тиімді.*

Құралдық және техникалық бағалаудың екеуі де функционалды принципке негізделгендіктен бірге қарастырылады. Бұл жердегі функционалды принцип дегеніміз – белгілі бір объектінің қандай да бір жұмысқа жарамдылығы туралы пікір.

3) «жағымды» бағалау. Осы бағалаудан туындаған бағалау ретінде этикалық бағалауды атауға болады. Мысалы: *жақсы ниет.*

4) жағымсыз бағалау. Мысалы: *сүйкімсіз адам.*

5) утилитарлық бағалау таңдауға негізделеді. Бұл жерде таңдау бір істің орындалуына пайда немесе зиян келтіретін не болуы мүмкін деген нәрсеге байланысты. Мысалы: *пайдалы кеңес, тиімсіз жоспар, жақсы мүмкіндік.*

6) медициналық бағалау – физикалық мүшелер мен психикалық қабілеттерді сипаттайды. Мысалы: *жақсы жүрек, есте сақтау қабілеті төмен.*

7) гедоникалық бағалау - *жақсы таңдау, жақсы тағам, жақсы әзіл.* Сүйіспеншілік сөзінің сөйлеу әрекетінде үйреншікті қолданысқа ие болуынан гедоникалық *жақсылық* ұғымы әр түрлі болып келеді. Гедоникалық бағалауыштық сөйлемдердің синтаксисі сөйлемдегі субъективтік бағалаудың объективтік категорияға ауысуын, сезім және оның себептерін, жалпы аксиологиялық пікірлердің тілдегі тенденциясын жақсы көрсетеді [1, 21].

### **Бағалау семантикасының морфологиялық бірліктермен берілуі**

Морфологиялық деңгейдегі бағалау туынды сын есімдер мен сын есімнің салыстырмалы шырай жұрнақтары арқылы жасалады. Олар:

а) зат есімнен және етістіктен туынды сын есім жасайтын жұрнақтар бағалауыштық мәнді білдіретін сөздердің туындауына түрткі болады. Алайда бұл жұрнақтардың барлығы ондай қасиетке ие деген сөз емес. Тек кейбір жұрнақтар ғана бағалауыштық мағынаны бере алады. Олар:

1) -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті: *ақылды, бағалы, білімді, құнды;*

2) -сыз, -сіз: *көргенсіз, ұсқынсыз, сүйкімсіз;*

3) -шыл, -шіл: *ұйқышыл, кекшіл;*

4) -шаң, -шең: *сөзшең;*

5) -кой, -паз: *сәнқой, әуесқой, қыдырымпаз, әсемпаз;*

6) -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш: *айтқыш, білгіш;*

7) -ғыр, -гір, -қыр, -кір: *тапқыр, алғыр;*

8) -шақ, -шек: *ұяшақ, сүріншек.*

Бұл журналдар арқылы *жағымды* әрі *жағымсыз* мәндегі бағалауыштық сөздер жасалады. Сонымен қатар, бір қарағанда барлығы бағалауыштық мағынаны бермейтін сияқты. Кейбіреуінің бағалауыштық сипаты сөйлем немесе мәтінде қолданылған кезде ғана айқын көрінеді.

ә) сын есімге салыстырмалы шырай жұрнағын жалғаған кезде әдеттегі бейтарап-эмоционалды мағынадағы сөздің сапалық мағынасының сәл де болса артатындығын көрсетеді. Бұл мағына мынадай журналдар арқылы жасалады:

- 1) -ырақ, -ірек, -рақ, -рек: *жақсырақ, ауырырақ;*
- 2) -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу: *әдемілеу, нашарлау;*
- 3) -шыл, -шіл, -тым, -ілдір, т.б.: *ақшыл, көгілдір, сарғыш, қышқылтым.*

Бұл тәсіл арқылы *жағымды* әрі *жағымсыз бағалауыштық мағына* да жасалады. Белгілі бір объектіні бағалап отырған бағалаушы өзінің жағымсыз пікірін тура айтпай, кішкене жұмсартып айту арқылы «әдепті» бағалауыштық сөздер туындайды. Мысалы: *бұзық – бұзықтау, сасық – сасықтау, т.б.*

### **Бағалау семантикасының синтаксистік бірліктермен берілуі**

Бағалауыштық құралдардың барлық тілдік деңгейде кездесетінін көптеген лингвистикалық зерттеу еңбектерінен көруге болады. Алайда бағалауыштық пікір сөйлеу үстінде ғана нағыз мағынасына (завершенная форма) ие болады. Себебі бағалауыштық пікірді жеткізуде сөздердің семантикалық мағынасына ғана жүгіну жеткіліксіз болып табылады.

Кез келген зат және құбылыстың бойындағы бағалауыштық мағына ішкі, табиғи қасиет емес. Адамдардың белгілі бір затқа немесе құбылысқа көзқарасының нәтижесінде бағалауыштық мағына туады. Адамдардың көзқарастары әр түрлі болып келеді: *ұнату/ұнатпау, қажетсіну/қажетсінбеу, т.б.* Бағалау – субъективті, индивидуалды модалділік. Себебі бағалау дегеніміз – субъектінің белгілі бір объектіге деген қарым-қатынасы, көзқарасы.

Бағалауды субъективті модалділікке жатқызған алғашқы лингвистердің бірі – Ш.Балли. Ол бағалауыштық пікірде екі бөлікті атап көрсетеді: модус және диктум. Диктумда пікір білдірілсе, модуста сөйлеушінің берілген пікірге деген қатынасы білдіріледі.

П.Ноуэлл-Смиттің пікірі бойынша, аксиологиялық мәндегі мәтінде предикаттардың мағынасы сөйлеу әрекетінің қарым-қатынастық мақсатымен байланысты. Осының негізінде ол бағалауыштық предикаттарды екі топқа бөледі:

1) адамға психологиялық тұрғыдан әсер ететін объектілердің сапасын білдіретін предикаттар. Мысалы: *жантүршігерлік, қорқынышты, зажайып, таңқаларлық, естен кетпес, алдамшы, т.б.;*

2) «міндеттейтін» сын есімдер. Олар адамнан белгілі бір әрекетті талап етеді. Мысалы: *мақтаулы, айыпты, ұятты, кінәлі, жазалауға лайық, т.б.* Аталған топтардың әрқайсысы белгілі мәтіндік импликацияға ие.

Ч.Стивенсонның ойынша, мәтіндегі бағалауыштық пікірдің мақсаты – мәліметті хабарлау емес, мәлімет арқылы адресатқа әсер ету. Бағалаудағы эмоция адресаттың бойында психологиялық күйді туғызу үшін бағытталған. Осылайша, эмоционалды бағалау белгілі бір жағдаяттың семантикалық аспектісін емес, прагматикалық аспектісін көрсетеді. Стивенсонның бағалауыштық мағына туралы концепциясы аксиологияда мотивтілік теориясы ретінде белгілі.

Осы ойды ары қарай Дж.Серл дамытады. Оның пікірінше, бағалауыштық пікірдің мақсаты – дүниені бейнелеу емес, адамның дүниеге деген эмоциясы мен қарым-қатынасын білдіру. Мысалы: *мақтау немесе сөгу, жағымпаздану немесе қорлау, ұсыну немесе кеңес беру, бұйрық беру немесе басқару, т.б.* [1, 27-28].

Бағалау мағынасының сөйлемдер арқылы көрінуі. Бағалаудың интерпретациясы мәселесі бағалауыштық пікірдің синтаксистік қасиетімен тығыз байланысты. Ол Барлық бағалауыштық құрылымдар бір құрылымдық модельге негізделеді. Ол құрылымдық модель байланыстырушы түрге жатады. Бағалауыштық предикация затқа

немесе құбылысқа предикативті бағалау мағынасын берсе, байланыстырушы берілген бағалауды ақиқатқа айналдырады. Осының негізінде құрылымдық-семантикалық модельдің үш түрін атауға болады:

1) бағалауыштық байланыстырушы құрылым: *Сен әдемі едің;*

2) бағалаушы-саралаушы сипаттаманың байланыстырушы құрылымы: *Болат жақсы шахтер еді;*

3) бағалаушы-заттық сипаттаманың байланыстырушы құрылымы: *Сен оңбаған, сатқынсың* [1, 31].

Бағалауыштық сөйлемдер сұраулық семантиканы, болымсыз семантиканы, шынайы емес семантиканы, тепе-теңдік бағалауды, ықтимал модалділікті, субъектінің әрекетке деген модалді қатынасын, эмоционалды семантиканы білдіре алады.

*Бағалауыштық мағынаның мәтін деңгейінде берілуі.* Бағалауыштық пікірдің прагматикалық мағынасы мәтінге байланысты. Сол себепті прагматикалық мағынаны бере алатын мәтінді зерттеу мәселесі туындайды. Арутюнова мәтіннің компоненттеріне мыналарды жатқызады:

1) бағаланып отырған заттың әр түрлі категориясы;

2) бағалаудың уақыты;

3) өзіне тән пікірі мен сезімі, қалауы мен қажеттілігі, мақсаты мен парызы бар субъектінің бағаланып отырған объектіге көзқарасы.

Мәтіннің маңызды компоненттерінің бірі – қоғамдық аспект, себебі бағалаудың интерпретациясы қоғамдағы нормаға да байланысты. Дүниетаным мен дүниені сезіну, қоғамдық қызығушылық пен мода, жағымды және жағымсыз бағалаудың тууына септігін тигізеді. Сонымен қатар адресат та мәтінге жатады [2].

Бағалауыштық пікірді мәтіннің аясында қарастырған жөн. Осыған байланысты біз фразадан тыс бірлік деген ұғымды білдіретін тіркесті қолданамыз. Фразадан тыс бірлік дегеніміз – мәтіндегі сөйлемдердің бірігіп, тілдік сегменттердің диктемалық деңгейін құрайтын бірліктер.

Н.А.Авганова фразадан тыс бірліктердің бағалауыштық компонентін зерттей келе, бағалауыштық сөйлем мен бағалауыштық объект-сөйлемдердің арасындағы скі байланысты ажыратады:

1) байланыстырушы – алдыңғы сөйлемдегі ойды келесі сөйлем толықтырады немесе дамытады;

2) қарсы – мәтіндегі сөйлемдер бір-біріне қарама-қарсы бағытталған [3].

Сонымен, қорыта айтқанда, бағалау категориясы әмбебаптық сипатқа ие болып келеді, ал оның қазақ тілінде тұрпат межесін тілдің барлық деңгейінің бірліктері құрайды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Колесникова Н.Л. Вопросительное предложение как средство выражения оценочной семантики: Автореф. дис.... канд. филол. наук, М., 2005. - 174с.
2. Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений. Оценка. Событие. Факт. – М., 1988.
3. Авганова-Шадрина Н.А. К вопросу о классификации сверхфразовых единств с оценочным компонентом в английском языке // Проблемы языкознания и теории английского языка. – Вып. 3 – М., 1978.

#### Resume

In the article we considered category of attitude in linguistics. Firstly we wrote about category of attitude in philosophy and in logic. Then we considered category of attitude in morphology, in lexis and in syntax.